

Тексердім:

06.12.2021 м.

Оқу ісінің меңгерушісі: Жакиенова А.С.

Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы

Бір аптаға (06.12-10.12.2021жыл)

Өтпелі тақырып «Елін сүйген ел басы»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалар ды қабылдау. Таң ертеңгі гимнастика	09:30 09:45	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Отан, туған ел, елбасы, рәміздер туралы әңгімелесу, жағымды Қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әр түрлі ойындар ұйымдастыру.				
		<b>Жаттығулар кешені</b>				
		Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
Ойындар Ұйымдас тырылған оқу қызыметіне (ҰОҚ) дайындық	09: 45 09: 50	Жүрейдің жараса Табиғатым тамаша Көз тоймайды қараса Табиғатты аялап	Сәлем саған жер-ана! Сәлем саған нұрлы күн! Аман-есен болайық Бейбітшілік қалайық	Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректі Сөздің бәрі ақ тілек.	Ақылы бар баласың Айтқан тілді аласың Намысты болып өссенен Нағыз адам боласың!	Біз ұқыпты баламыз Айтқан тілді аламыз. Ойыншықтарды жинаймыз. Үлкендерді сыйлаймыз.
ҰОҚ кестесі		Сөйлеуді дамыту Сурет салу Дене шынықтыру Боюлар құпиясы (в/бөлім)	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен таныстыру/құрастыру Жапсыру Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Жаратылыстану Музыка Ойнайық та ойлайық (в/бөлім)	Орыс тілі Математика негіздері Мүсіндеу Қауіпсіз мінез құлықтары /Дене шынықтыру	Көркем әдебиет Музыка Өзін-өзі тану Ертегілер әлемі (в/бөлім)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	10: 00 10: 25	1. Сөйлеуді дамыту Мөлдір бұлақ. ҰОҚ-нің мақсаты: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау Күтілетін нәтиже: Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстайды. Балалар, мына әртүрлі ғажайып дыбыстарды мұқият тыңдаңдар. Ненің дыбысын естігендеріңді айтып беріңдер. (Аудиотаспадан сылдырлаған бұлақтың, теңіздің дыбыстары.) - Дыбыстарды естігенде қайда жүргендей болдыңдар? - Ненің дыбысын естідіңдер? - Ал енді мен сендерге «Теңіздегі тіршілік иелері» атты бейнетаспа көрсетемін, сендер өте мұқият болыңдар, көріп болғаннан кейін қандай тіршілік иесін таныдыңдар, маған айтып бересіңдер. Әліппе-дәптермен жұмыс: 4-тапсырма. Суреттен суда мекен ететіндерді ата. Оларды судың суретімен қос. 5-тапсырма.	1. Сауат ашу негіздері Ақылы ешкі. Ш дыбысы мен әріпі. ҰОҚ-ның мақсаты: Ш дыбысы – дауыссыз дыбыс, ш дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды. Күтілетін нәтиже: Ш дыбысы – дауыссыз дыбыс, ш дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды. Сабақты балаларға сөйлем оқып беруден бастаймын. Ешкі лақтарын жақсы көреді. Оларға арнап қарбыз екті. Ол шаршады. Пікір алмасу сұрақтары. Сен неше сөйлем таныдың? Соңғы сөйлемде неше сөз бар? Ешкі қарбызды не үшін екті? Ешкіге өзін қалай көмектесер едің? Ешкі сөзінде Ш дыбысы нешінші тұр? Шарбақ сөзін буынға бөліп айт. Қай суреттен артық зат қалды? Суреттегі шелек, шөгелерді аттарымен атап, қандай дыбыспен басталып тұрғанын табады. Ш дыбысын айтады. Шарбақ сөзін буынға бөледі. Шар-бақ 2-тапсырма. Ешкінің еңбек құралдарын атап, Ш дыбысын ізде. Сызбаның қай суреттің атауы екенін тап. Суреттегі заттарды атайды. Шелек, шар, тырнауыш,	1. Сауат ашу негіздері Саматтың ойыны. С дыбысы мен әріпі. ҰОҚ-ның мақсаты: Сұраққа жауап бере отырып, диалогке қатысу Күтілетін нәтиже: Сұраққа жауап бере отырып, диалогке қатысады. Балаларды шаттық шаттық шеңберіне тұрғызып, өлең жолдарын қимылмен айтқызамын. Қайырлы таң, балалар! Арайлап таң атты. Алтын сәуле таратты, Жарқырайды даламыз, Қайырлы таң, достарым! Балаларға күннің суретін көрсететіп. – Күн бізге не шашып тұр? – Күн бізге сәулесін шашып тұр. Балалар «күн сәулесінен жылу тарайды» деген сияқты өз ойларын ортаға салады балаларға күн батқан соң аспандай пайда болатын ай туралы әңгімелейді. 1-тапсырма. – Суреттен не болып жатыр деп ойлайсыңдар? Сурет бойынша балалар «Менің отбасымның бір күні» тақырыбында әңгіме құрайды. Отбасындағы кішкентай баланың аты – Самат. Ол әжесіне	1. Русский язык Что бывает, весной и осенью. Цели обучения данного ОУД: Понимать значение часто повторяющихся слов по лексическим темам. Предполагаемый результат: Понимает значение часто повторяющихся слов по лексическим темам. Предлагаю рассмотреть иллюстрацию и определить, где какое время года. Я раскрываю почки в зеленые листочки, деревья одеваю, посеви поливаю движения полна, зовут меня... (весна) Работа в азбуке-тетради. задание № 1. рассмотри картинки. Послушай, повтори. так что же такое весна? (ручьи бегут, снег тает, ярко светит солнце, распускаются листья на деревьях и т.д.). Азбука-тетрадь Прошла по лугам, по лесам, по полям. Припасы она заготовила нам, упрятала их в погреб, в закрома,	1.Көркем әдебиет Жыл басына таласқан жануарлар (ертегі) ҰОҚ-ның мақсаты: Шағын ертегілердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру. Күтілетін Нәтиже: Шағын ертегілердің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Көркем әдебиет жанры бойынша ертегімен танысамыз. Ертегіні адамдар қиял арқылы құрастырады. Ертегідегі жануарлар адам сияқты сөйлей алуы және адам істейтін нәрселерді істей алуы мүмкін. «Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісін оқу. Ертегінің мазмұнына сәйкес сұрақтар. – Жануарлар жылдың басы болуға неге таласты? – Жылқы не айтты? – Түйе не деді? – Сиыр несімен мактанды? – Қой өзінің қандай пайдасы бар екенін айтты? – Ит не деді?

	<p>Судын да сұрауы бар. Бұлаққа бұлақ қосылса, «егізбіз» дейді. Көлге көл қосылса, «теңізбіз» дейді. Өзен суын жаңбыр тасытады, Адам қадірін еңбек асырады. Су анасы – бұлақ, сөз анасы – құлақ. Осы мақалды балалармен бірге мақалдың мағынасын талқылайды</p>	<p>көк дөңгелекпен белгілеп, қай суреттің атауы скенін табады. III – қатан дауыссыз дыбыс. Көк түсті дөңгелекпен белгілейміз. 3-тапсырма. III әрпімен танысайық. III әрпі неге ұқсайды? Аша сөзіне дыбыстық талдау жасайды. Оның басының неге ұқсайтынын елестетеді. III әрпінің баспа түріне қарап бейнелейді. Балалар жазу дәптеріне III әрпінің баспа түрін жазады.</p>	<p>жасап ойнады. Әжесі мәсінін іздеді. Саматтан сұрады. Самат көрмегенін айтты. Әжесі өзінің мәсісі суда қайық болып қалқып жүргенін көрді. Суреттегі айдың, орақтың суретіне қарап С әрпінің бейнесіне ұқсайтынын айтады. Балалар С әрпіне ұқсайтын тағы басқа бейнелерді табады. 4-тапсырма Сынған сағатты жөндейміз. Суреттегі сағаттың қандай сандары жетіспейтінін анықтайды. С әрпінің баспа түрін жазу жолдарына жазады.</p>	<p>(осень) Что бывает осенью? На деревьях разноцветные листочки, дует холодный ветер, желтеет и высыхает трава, идет теплый, морозящий дождь, на небе серые облака, по утрам бывают туманы, лужи покрываются корочкой льда. Чистоговорки. На-на-на – пришла долгожданная весна. чи-чи-чи – журчат весенние ручьи. Ла-ла-ла – в гости осень к нам пришла. да-да-да – наступают холода.</p>	<p>жеткізді? – Тышқан қандай қулық жасады? – Түйе неге сенді? – Жылды бірінші болып не көрді? Сергіту сәті: Саусақтарым, бір-бірімен амандасайық. Саусақтардан гүл ашайық. Саусақтарды ашып-жұмып, А-ә, г-ғ, ү-ү, н-н, к-к, о-ө дыбыстарын дұрыс айтайық</p>
<p>10:35 11:00</p>	<p><b>2. Сурет салу</b> <b>Домбыраның үні</b> <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салу. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Түрлі сызықтарды (түзу, қисық, зигзаг, ирек, т.б.) пайдаланып, қарапайым заттар мен күрделі емес сұлбаларды салады. Домбыра – 2000 жылдан астам уақыт бұрын пайда болған ішекті музыкалық аспап. Оны қолдан жасаған. Екі ішегі ғана болады. Қазақ халқының өміріндегі ешбір маңызды оқиға домбыраның әсем әуенінсіз өтпейді. Қауіпсіз жұмыс жасау техникасы Педагог қылқаламды қолда қалай дұрыс ұстауды еске салады. Қауіпсіздік техникасын сақтауды сұрайды. Балаларды жұмыс орнын тазалықта ұстауға ынталандырады. Жұмыстың орындалу технологиясы (Жұмысты сатылай орындау ретін түсіндіру.) Әліппе-альбоммен жұмыс. Балаларға музыкалық аспап – домбыраны көрсетемін. Қарындашты нобай жасаймыз: шеңбер, оған жоғарыдан созылған жіңішке тікбұрыш қосамыз, геометриялық пішіндерді біртіндеп біріктіреміз. Домбыраның кескінін бояумен бояймыз. Қандай</p>	<p><b>2. Құрастыру</b> <b>Менің сүйікті жануарларым.</b> <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техника-лар мен тәсілдерді қолдану. <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Құрастыру түрлеріне сәйкес түрлі техника-лар мен тәсілдерді қолданады. Әліппе-дәптермен жұмыс. Үлгілерді қарау, қандай үй жануарларын жасайтынын таңдау. Жұмыстың орындалу реті: Үлкен дөңгелек қағазды қиып алып, оны бүктеп конус жасап желімдейді. Мысықтың басын жасау үшін кішкентай дөңгелекті қиып алып, одан конус жасап желімдейді. Үлкен конустың үшкір бөлігін сәл кесіп, оны ашып кіші конусты көлденең қойып желімдейді, бұл мысықтың басы болады. Ұсақ дене бөліктері: құлағын, көзін, мұртын және құйрығын түрлі түсті қағаздан қиып алып желімдейді. Сергіту сәті: «Нәсер жанбыр» ойы-ны. Тәрбиеленушілер шеңбер жасап тұрады. Ауа райы өте тамаша, күн жарқырап, ыстық және қапырық болып тұр. Бір уақытта самал жел соқты, (алдыңызда тұрған адамның арқасына қолыңызбен жеңіл қимылдар жасаңыз</p>	<p><b>2. Жаратылыстану</b> <b>Сенің дененің құрылысы қандай?</b> <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Адам-ның негізгі дене мүшелерін атап, олардың қызметін білу. <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Адам-ның негізгі дене мүшелерін атап, олардың қызметін біледі. Біздің денеміздің құрылысы қандай? Барлық адамдар бір-біріне несімен ұқсайды? Несімен ерекшеленеді? Сендер қандай дене мүшелерін білесіңдер? Қандай қызмет атқарады? Сенің дененің құрылысы қандай мүшелерден тұрады? • Қатты дыбыс адамның құлағына қандай зиян келтіреді? Құлақты қалай күту керек? • Тісті қалай күтуге болады? • Иісті қалай ажыратамыз? • Көзді қалай сақтау керек? Адам табиғаттың бір бөлігі. Ол өзін қоршаған ортаны көру, есту, сезіну арқылы танып біледі. Құлақ – есту мүшесі. Адам мұрнымен иісті ажыратады және тыныс алады. Көздің көмегімен қоршаған дүниені көруге болады. Тілмен ашы-тұшыны, тәтті мен қышқылды ажыратуға болады. Тері-сипап сезу мүшесі</p>	<p><b>2. Математика негіздері</b> <b>Маған ұнайтын жыл мезгілі. Оқиғаның ретін белгілеймін.</b> <b>ҰОҚ-нің мақсаты:</b> Уақыт туралы түсінікті білу: бүгін, кеше, ертең, бүгінгі; тәулік бөліктері. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Уақыт туралы түсінікті біледі: бүгін, кеше, ертең, бүгінгі; тәулік бөліктері. «Бұл қашан болады?» дидактикалық ойыны Ойын барысы: Барлық ойыншыларға әртүрлі түсті 4 шаршыдан үлестіріп береді. Әр түс белгілі бір жыл мезгілін білдіреді, мысалы: сары – күз, көк – қыс, жасыл – көктем, қызыл – жаз. Педагог (немесе бала) қандай да бір мезгілдегі құбылыстың (мысалы, жапырақтардың түсуі). Балалар шапшаң сәйкес түсті (сары) шаршыны көтеруі керек. Жаңаны қолдану. «Болады, болмайды» дидактикалық ойыны. Педагог белгілі бір жыл мезгілінің белгісін атап, доптылақтырады. Егер бұл белгі сәйкес келсе, бала допты тосып алады, егер сәйкес келмесе, допты тосып алмайды. 2-тапсырманы өз беттерінше орындайды. 3-тапсырма жұппен орындалады. Балалар маусым бойынша сәйкес келетін заттарды таңдап, суреттерді біріктіреді. 1-тапсырмадағы «Жыл маусымдары» деген</p>	<p><b>2. Музыка</b> <b>Табиғат тамшылары.</b> <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғанастарын сипат тау. <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғанастарын сипат тайды. Музыка тыңдау: «Тамшылар» Балалардан әннің не жайында екенін сұрау. Әуен қалай орындалды, қандай екпінде, қандай көңіл күйде? Тамшы қайдан пайда болады? Балалардың пікірін тыңдау дауыс жаттығулары: «Қосалқа» Күйдің үзіндісін «ля» буынында орындау. Ауызды кеңірек ашып, еркін тыныс алуға үйрету. Дыбыстарды таза, ашық емес, дөңгелекте айтуға көңіл бөлу. Ән айту: «Ақ жауын» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотасва). Әнді педагог орындап, балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Жауын жылдың қай мезгілінде көбірек жауады? «Ақ жауын» деп қандай жауынды айтамыз? Ән қандай көңіл күйде айтылып отыр? Әннің сөздерін қайталау, анық, таза айтуларын қадағалау.</p>

		Тағы да нені салу керек? Саңылау және ішектер. Қанша ішек саламыз? Қалауларына қарай домбыраны өрнекпен әшекейлендер.			маусымдарды және олардың белгісін атайды. Әрі қарай балалар өзінің таңдауын түсіндіре отырып, маусымдар мен сюжеттік суреттерді өз бетінше біріктіреді.	
Серуен	11:05	Балаларды далаға таза ауаға, күншуаққа шығарып, сергітіп келемін. Карточка №1				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі.	11:10 11:35	<p><b>3. Дене шынықтыру</b> <b>Шетелге саяхат</b> <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындау. <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Организмнің төзімділігі мен жаттыққандығын жетілдіру үшін түрлі жүктемелерді біртіндеп үдетумен дене жаттығуларын орындайды. Қимыл белсенділігінің адам денсаулығына оң ықпалы туралы балаларға айтып береміз, Баяу қарқынмен жүгіру (2 минут) – қол сәл ішке қарай кеуде тұсына дейін алға-жоғары көтеріліп, содан кейін шынтақпен артқа қимылдайды. Қысқа қадам аттап, аяқты табанның алдыңғы бөлігіне қояды. Футбол – сол аяқ пен оң аяқтың ішкі жағымен футбол добын тура бағытта алып жүру. Доп кез келген аяқтың табан ортасында болуы тиіс. Допты бірқалыпты тебе отырып алға жылжытады. Допты алға теуіп алып жүргенде, оң немесе сол аяқтың алдыңғы ұшы жерге қарай бағыттталып, доп ойыншының алдында болуы тиіс. Балалар тізбектерге тұрып, бір-бірімен жарысады. Ойыншы футбол добын белгіленген бұрылысқа дейін алып келеді, сонан соң орнына қайтып орлады. Допты келесі бала алып кетеді. Балалар допты шеңбер бойымен бір-біріне бере отырып, «денсаулыққа пайдалы» – деп айтады.</p>	<p><b>3. Жапсыру</b> <b>Кел жана жыл!</b> <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру. <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіреді. Жапсыруды әзірлеу технологиясы. Алақанды керек түстегі паракка жай қарындашпен бастырып сызып алу қажет. Бірнеше парак қағазды бірінің үстіне бірін қойып, бір жасағанда бірнеше «алақан» киіп алуға болады. Топқа бөлінеді балалар Шыршаның конусын саламыз. Сосын төменгі қатардан бастап сызылған үшбұрыштың сызығы бойымен қағаздан жасалған алақандарды жапсырамыз, бұл ретте желімді бөлшектің үстіңгі жағына ғана жағамыз, саусақтарымыз қозғалмауы керек, бұл біздің жапсырмамызға қосымша көлем береді. Бірінші қатардағы алақандарды бір-біріне жақын жапсырамыз, барлығы бес-алтау болуы тиіс. Әрбір келесі қатарда алақандар санын азайтып отырамыз. Балаларға алақандарды түсіне қарай кезекпе-кезек жапсыртыңыз. Шыршаны безендіру үшін түрлі түсті жылтыр желімді, пайеткалар мен бисерді пайдалануға болады. Аязата жасау үшін технологияның бірінші бөлігін қайталаймыз. Сосын Аязатаның бетін саламыз. Қызыл алақандардан оның тонын жасаймыз. Тонның өңірін жасау үшін майлықтарды пайдаланамыз. Сақал-мұрттың ақ түсті алақандардан жасаймыз. Үшінші топ осылайша аққаланы жасайды.</p> <p>3</p>	<p><b>3. Музыка</b> <b>Менің сүйікті достарым.</b> <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажырату. <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Таныс әннің, музыкалық шығарманың күшті және әлсіз бөліктерін ажыратады. Дос деген кім? – Балалар, сендер бір-бірмен доссыңдар ма? «Достық» пен «дос» туралы білгендерің дұрыс. Достық – араларыңдағы татулық, дос – жаныңдағы бірге ойнап жүрген бала. Жаныңда жақын достарың мен айналаңда атааналарың болған кезде нағыз бақытты баласыңдар. Өліппе-дәптермен жұмыс: 1-сабақ. Сенің досың кім? Достарыңмен қалай ойнайсың? Достарың туралы әңгімеле. Тату достардың іс-әрекеттерін әңгімелеп бер. 2-сабақ. Әннің көңіл күйі, ырғағы қандай? Ән не туралы? Суреттегі баланың қай түрі әннің сипатына сәйкес келеді? Бұлбұл әдемі ән салады. Оның дауысы жіңішке, жоғары. Ал аюдың даусы жуан және төмен. Оларды дауыстарына лайықты түбірлердің қайсысына отырғызар едің? Сызықты қосып көрсет. Мәнерлі би қимылдарын жасау үшін кімге қандай аяқкиім сәйкес келеді?</p>	<p><b>3. Мүсіндеу</b> <b>Тон киген Айсұлу</b> <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Затқа қарап және елестету арқылы, ермексиздің, сазбалшықтан геометриялық пішіндер негізінде мүсіндеу. <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Мүсіндеу алгоритмін түсіндіру. 1. Мүсінді жасау үшін түрлі түсті ермексиз қажет. 2. Ермексизден тонға арнап конус жасаймыз. Жөніне азырақ ермексиз қалдырамыз. 3. Ақ түсті ермексизды жіңішкелеп шыршық таймыз. Оны тонның жағасына «елтірі» ретінде пайдаланамыз. 4. Жөндерін жасайтын бөлшектердің өлшемі бірдей болуы тиіс. Оның түсі тонның түсімен бірдей болуы қажет. Ақ түсті ермексизден жасалған шыршықтар жалпақ, жіңішке болуы шарт. 5. Дайындалған бөлшектерден қолғап киген қолды жасап, тонның жоғарғы жағына жапсырамыз. Ермексиз мықтап жабысуы үшін біріккен жерін қаттырақ басамыз. 6. Қуыршақтың алмадай қызарған бетін қызғылт түсті ермексизден жасаймыз. 7. Ермексизден кішігірім шар жасап аламыз. Бұл – қуыршақтың басы. Оған мұрын, көз бен кішкентай ауыз бекітеміз. 8. Баскімің де конус түрінде жасаймыз. 9. Сірінкени пайдаланып басын денесіне біріктіреміз. Қара түсті ермексизден жасалған шашты бас киімге біріктіреміз. 10. Аяғына ақ түсті ермексизден жасалған байпақ кигіземіз.</p>	<p><b>3. Қауіпсіз мінез- құлық негіздері.</b> <b>Күн тәртібі дегеніміз не?</b> <b>ҰОҚ мақсаты:</b> Күн тәртібі, демалыс, ұйқы, тамақтану тәртібін сақтаудың қажеттілігін түсіну. <b>Күтілетін нәтиже:</b> Күн тәртібі, демалыс, ұйқы, тамақтану тәртібін сақтаудың қажеттілігін түсінеді. ақпарат: Ұйқыдан ояңған соң бірден төсектен тұруға болмайды, өзіңе және организмнің оянуына көмектесуің керек, ол үшін керіліп-созылып, ұзақ ұйқыдан соң омыртқа үшін кішігірім жаттығу жасауға болады. Ал сенің күлкің жақындарың мен туыстарыңды қуантады. Таза ауа сенің бөлменді толтырып, сергітеді және сен толықтай оянасың. Таңғы жаттығу дегеніміз не? Мектепте ертеңгілік жаттығуды не үшін орындау керек? педагог ақпараты: Таңғы жаттығу (дене шынықтыратын қимыл жаттығулары) – бұл таңғы уақытта, ұйқыдан тұрғанда, ҰОҚ алдында жасалатын дене жаттығуларының жиынтығы. Жаттығу оны орындаған адамды қуаттандырады. Жаттығу барысында орындалатын қимыл-қозғалыстар адамды күнбойына күшқуатпен, көтеріңкі көңіл күймен, сергектікпен және денсаулықпен қуаттандырады. Барлық адамдар тісін тазалайды, жуынады, көпшілігі душқабылдайды, кейбіреулер сумен шынығады. Денсаулықты нығайту үшін сумен шынығудың әсері қандай екенін біз білеміз. Сумен, ауамен, күнмен</p>

					қолынан бір нәрсе келсе оларға да үйрет. -Жолдастарымен ойын кезінде өзіне ұнайтын заттарымен бөліс. -Егер жолдасын жаман қылық жасаса тоқтатып, дұрыс еместігін айтып, түсіндір. -Жанжалдасудан, сөз таластырудан аулақ бол. Тату ойна, мақтанып кетпе. -Жолдасыңның жетісігіне қуан. <b>Сергіту сәті.</b> Орнымыздан тұрамыз, Бұрыламыз солға бір. Бұрыламыз оңға бір, Біз бақытты баламыз, Гүл – гүл жайнап жанамыз. Жаттығулар жасасақ, Жаксы сергіп аламыз.	
11:45 12:10	Бояулар құпиясы в.бөлім	4. Дене шынықтыру Керуен. ҰОҚ-ның мақсаты: Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайларда секірулер. Күтілетін Нәтиже: Секірудің әртүрлі түрлерін орындау, тепе-теңдікті сақтай отырып өзгермелі жағдайларда секірулер Керуеннің маңызы туралы, керуен тұрақтарындағы ойын-дар туралы әңгімелесу. Балаларды асықпен таныстыру. Азия мен Ресей халықтарының ұқсас ойындарымен таныстыру. Асықты шеңберлеп тізеді. Шеңберді айнала оңға, солға жүреді, шеңбер бойымен жүгіреді. Педагог: «Асық алу!» – деп бұйрық берген кезде балалар аяқ ұшымен тұрып, денені жоғары созады. Қозғалыс түрлерін алма-кезек орындай отырып, жүру мен жүгіру түрлерін алмастырады 4 метр қашықтықтан көлденең нысанаға асық лақтыру. Бастапқы қалыпқа және көлденең нысанаға (құрсау) лақтырудың құрылымдық амалына назар аудары-лады. Бастапқы қалып – сол еңкейіп сол аяқты иық тұсынан асыра алдыға қою, он аяқ артта, он қолды шынтақтан бүгіп алға-артқа сермей отырып асық лақтыру. Ойын ережесі «Тастар», «Әжелер» орыс халқының ойында-рына ұқсас екеніне назар аударылады. Жерге отырып тастарды лақтыру және қағып алу. Нұсқау – тастарды лақтырып қолды сыртымен тосып, қағып алу. «қарғымақ» Бір аяқтап түрлі бағытқа секіру Ойынға қатысушылар шеңбер құра отырып, құрсау ішіне тұрады. Ойын бастаушы шеңбер ортасына шығады. Ойын бастаушы: «Қарғы!» – деп белгі береді.	4.Ойнайық та ойлайық. (В. Бөлім)	4.Дене шынықтыру Дене шынықтыру Қазақстанның оңтүстігінен солтүстігіне саяхат. ҰОҚ-ның мақсаты: Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапка тұру түрлерін, мә-нерлі сап тұзу, жүру түрлерін орындау. Күтілетін Нәтиже: Бір орында тұрып және қозғалыс барысында сапка тұру түрлерін, мә-нерлі сап тұзу, жүру түрлерін орындау. Балалармен өзара түсіністік, іс-қимылды үйлесті-ру деген не екенін талқылаңыз. Қазақстанның қалаларына саяхат жасауды ұсыныңыз. Ортақ кеңістікті бөлу және қимыл-қозғалыс тәуекелдігін азайтуға балалардың назарын аударыңыз. Пойызбен саяхат – бір қатар саппен алдындағы баланың иығына қолын қоя отырып ирелеңдей жүру. Бағытты және қозғалыс қарқынын өзгертіңіз. Қатарынан тізіліп бір аяқпен залдың қарсы бетіне дейін жүру, жүгіру, секіру. Саппен тізбектеле жүргенде қимыл-қозғалысты үйлестіруге, денені тік ұстауға көңіл бөлу. Гантельмен орындалатын жаттығу. Құш қасиеттерін дамытуға арналған. Қолмен отырғышқа таянып, денені жерден көтеріп, қолды бүгіп-жазу. Кейбір балаларға жеке жұмыс жүргізуге болады.	4.Ертегілер әлемі.	
Балалардың үйге қайтуы	12-05 12-10	Балалар отбасында өздері не істей алатындары жайлы әңгімелесу	Ата-аналарға балаларды себепсіз сабақтан қалдырмауын ескерту.	Балалардың тазалығына көңіл бөлу.	Балалардың оқу қызметігін үйде қадағалау.	Балалардың үйде ойынның қадағалауды ата – аналарға айтамын.

Мектепалды даярлық сыныбындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы

Бір аптаға (13.12-15.12. 2021жыл)

Өтпелі тақырып «Біз мектепке барамыз!»

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 13.12	Сейсенбі14.12	Сәрсенбі15.12	Бейсенбі мереке	Жұма мереке
Балалар ды қабылдау. Таң ертеңгі гимнастика	09:30 09:45	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Отан, туған ел, елбасы, рәміздер туралы әңгімелесу, жағымды Қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға әр түрлі ойындар ұйымдастыру.				
		<b>Жаттығулар кешені</b>				
		Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
Ойындар Ұйымдас тырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	09: 45 09: 50	Жүрейікші жараса Табиғатым тамаша Көз тоймайды қараса Табиғатты аялап	Сәлем саған жер-ана! Сәлем саған нұрлы күн! Аман-есен болайық Бейбітшілік қалайық	Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп, Жарып шыққан жүректі Сөздің бәрі ақ тілек.	Ақылы бар баласың Айтқан тілді аласың Намысты болып өссен Нағыз адам боласың!	Біз ұқыпты баламыз Айтқан тілді аламыз. Ойыншықтарды жинаймыз, Үлкендерді сыйлаймыз.
ҰОҚ)		<b>Сөйлеуді дамыту</b> <b>Сурет салу</b> <b>Дене шынықтыру</b> <b>Бояулар құпиясы (в/бөлім)</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Қоршаған ортамен таныстыру/құрастыру</b> <b>Жапсыру</b> <b>Дене шынықтыру</b>	<b>Сауат ашу негіздері</b> <b>Жаратылыстану</b> <b>Музыка</b> <b>Ойнайық та ойлайық (в/бөлім)</b>	<b>Орыс тілі</b> <b>Математика негіздері</b> <b>Мүсіндеу</b> <b>Қауіпсіз мінез құлықтары</b> <b>/Дене шынықтыру</b>	<b>Көркем әдебиет</b> <b>Музыка</b> <b>Өзін-өзі тану</b> <b>Ертегілер әлемі (в/бөлім)</b>
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	10: 00 10: 25	<b><u>1 Сөйлеуді дамыту</u></b> Тақырыбы: Менің Отаным. (өлең)Дихан Әбілов Мақсаты: Сөйлем түрлерін тақырыпқа байланысты әңгіме құрау; дауыс ырғағына қарай сөйлемдерді ажырату . <b>Күтілетін нәтиже:</b> Жасайды:қойылған сұрақтарға жауап береді, төлдердің дауысын салады; аңыздың мазмұнын, құланның қандай аң екенін, андарға жамандық жасауға болмайтынын;сөздерді буынға бөледі. <b>Ресурстар:</b> жылқы тектес жануарлардың үлгі суреті, қолайна, демонстрациялық құрал, жұмыс дәптері, төлдердің атрибуттары. <b>Сөздік жұмыс:</b> Өңгі. <b>Әдіс-тәсілдер:</b> түсіндіру,4К ,бала үні, командалық жұмыс, бақылау, саралау. <b>Өткенге шолу:</b> «Кім жылдам?» сұрақ-жауап <b>Бала үні.</b>	<b><u>1. Сауат ашу негіздері</u></b> <b>Тақырыбы:</b> "Е" дыбысы <b>Мақсаты:</b> «Е»жінішке дауысты дыбысын таныстыру; сөзге дыбыстық талдау жасау; зат атауын атап [е]дауысты дыбысының орнын анықтап текшемен белгілеуді үйрету.. <b>Күтілетін нәтиже:</b> суретке қарап, сөйлем құрайды; сөздерден сөйлем құралатынын "ә" дауысты дыбыс екенін; сөздерді буынға бөле білу дағдыларын. <b>Ресурстар:</b> түрлі түсті суреттер, жұмыс дәптері. Әдіс тәсілдер: көрсету , түсіндіру, 4К, бала үні,жанама бақылау, командалық жұмыс. Өткенге шолу: «Ашық микрофон» арқылы ашық сұрақтар қою. Ой қозғау: «Сөз ойла, тез ойла» Айтылым Ширату	<b><u>1 Сауат ашу негіздері</u></b> Тақырыбы:"Е" дыбысы Мақсаты: «Е»жінішке дауысты дыбысын қайталау [е]дыбысынан келетін сөздер ойлау;ойындар ойнату;қолды жазуға дайындау суретті сызбаны штрихтау,үзік сызықтарды қосу және бояу.Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздерге дыбыстық талдау жасайды; "Ә" дыбысының дауысты, жінішке екенін; дыбыстарды бөлінуіне қарай түрлі түсті текшелермен көрсетеді. Ресурстар:жұмыс дәптері. <b>Әдіс тәсілдер:</b> көрсету, түсіндіру, 4К, бала үні, жанама бақылау, командалық жұмыс. Өткенге шолу: «Ашық микрофон» арқылы ашық сұрақтар қою Ой қозғау: «Кім зейінді?» Айтылым Ширату	<b>1. Сауат ашу негіздері</b>	<b>1</b>

	<p><b>Тыңдалым және айтылым:</b> «Ақсақ құлан»  <b>Бақылау:</b> жалпылама, жанама, тікелей  <b>Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:</b> «Шенбердегі доп»  арқылы қарама-қарсы сөзді тап  Бала үні  Рефлексия: өз жұмыстары бойынша  Кері байланыс: Доптың суретін бояу арқылы</p>	<p>Топтастыру  Бақылау: жалпылама, жанама, тікелей  Бала үні  Саралау: өнім арқылы  Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Сөз ойла, тез ойла!»  Бала үні  Рефлексия  Кері байланыс: «Алма ағашы» тәсілі</p>	<p>Топтастыру  Бақылау: жалпылама, жанама, тікелей  Бала үні  Саралау: өнім арқылы  Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Сөзді есіне сақта!»  Бала үні  <b>Рефлексия:</b>  <b>Кері байланыс: «Бағдаршам» тәсілі</b></p>		
<p><b>10:35</b>  <b>11:00</b></p>	<p><b>2. Сурет салу</b>  <b>Қазақстан мақтанышым!</b>  <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b>  Суреттегі бейненің көңіл күйін беру үшін қағаз реңі мен түс үйлесімділігін таңдау.  <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Суреттегі бейненің көңіл күйін беру үшін қағаз реңі мен түс үйлесімділігін таңдайды. Әліппе-альбомдағы материалмен жұмыс.  Педагог Айсұлу мен Қуанышқа ұлттық мұражайға дұрыс жол табуға көмектесуді ұсынады. Өз жауаптарын түсіндіруді сұрайды.  Мұражайда балалар көптеген картиналарды көрді, алайда қазақ суретшісі Әбілхан Қастеевтің картиналары оларға өте ұнады. Неліктен деп ойлайсындар?  Суретші осы картиналарда нені бейнелеген? Табиғаттың әсемдігін жеткізу үшін ол қандай түстерді пайдаланған?  Қандай материалдарды қолданған? (Бояулар.)  Бүгін бізге жұмыс істеу үшін қандай құралдар қажет болады? Нені қолданатындарыңды таңдап алыңдар (Қарындаштар, балауыз борлар).  Әліппе-альбоммен жұмыс.  Жақында орналасқан заттар қашықта орналасқан заттарға қарағанда үлкен болып көрінеді.  Оларды ірілеу етіп сала</p>	<p><b>2. Қоршаған ортамен танысу</b>  <b>Байланыс құралдары.</b>  <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Байланыс құралдары -ның адам өміріндегі қажеттілігін түсініп, олардың қолданылу аясын атау.  <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Байланыс құралдарының адам өміріндегі қажеттілігін түсініп, олардың қолданылу аясын атайды. жұмбақ.  Бар екен бір терезе ғажап үйде, Кино болар терезеден күнде-күнде.  (Теледидар)  Шыр-шыр етеді,  Ұстап қалсам, сөйлеп кетеді.  (Телефон)  Жазуы бар ақ парақ қанат қақты, Жеткізеді әлемдегі жаналықты.  – Алыс жердегі адамдар бір-бірімен қалай хабарласады? (Газет)  Хатты қалай жібереміз?  – Пошта арқылы. Байланыс құралдары: телеграф, телефон.  – Әлемде болып жатқан оқиғаларды қалай білеміз?  – Ақпараттық құралдар арқылы.  Олар: теледидар, радио, газет, ғаламтор. Адам өміріне өте қажетті байланыс құралдары: теледидар, ұялы телефон, компьютер, ғаламтор кең таралған.  Күнделікті жаңалықтарды – өзіміздің мемлекетімізде, тіпті шетелдерде болып жатқан оқиғалар туралы естіп, ақпарат аламыз.</p>	<p><b>2. Жаратылыстану</b>  <b>Сезім мүшелерінің қызметі қандай?</b>  <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b>  Сезім мүшелерін атап, олардың қызметін білу.  <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Сезім мүшелерін атап, олардың қызметін білу.  ҰОҚ барысында жұмыс үшін қолайлы жағдай туғызу. Сезім мүшелері бейнеленген суреттер ұсынылады. Балалар үлестірмелі материалдардан «сезім мүшелерін» табады. Балалар сурет бойынша ҰОҚ-ның тақырыбын болжамдап айтады.  • Сезім мүшелері дегеніміз не?  • Қатты дыбыс адамның құлағына қандай зиян келтіреді?  • Иісті қалай ажыратуға болады?  • Аңшы аң аулауға шыққанда жанына неге ит ертеді?  • Көзді қалай сақтау керек?  • Құрттың қышқыл, алманың тәтті екенін қалай білуге болады? Мифа ақпаратты жеткізе тін мүшелерді – сезім мүшелері дейміз.  Сезім мүшелеріне құлақ, көз, мұрын, ауыз, қол жатады. Құлақ – есту мүшесі.  Мұрын – иіс сезу мүшесі.  Көз – көру мүшесі.  Тіл – дәм сезу мүшесі.  Қол – сипап сезу мүшесі.  • Көру мүшесі арқылы айналамызда орын алатын</p>	<p><b>2. Жапсыру</b></p>	<p><b>2. Дене шынықтыру</b></p>

		отырып, біз оларды жақындатқандай боламыз. Пеиэаж салу кезінде заттардың бір-біріне қатысты орналасқан қашықтығын дұрыс беру керек. Суреттің алдыңғы қатарында жақында орналасқан заттар бейнеленеді. Сондықтан олар ірі етіп салынады. Артқы планда қашықта орналасқанның барлығы. Олар анағұрлым ұсақ етіп салынады. Бұл перспектива деп аталады. Нені салатындарыңды ойластырыңдар.		өзгерістерді көре алу іскерлігі; • Табиғат аясындағы өзгерістер-ді байқай білу іскерлігі, есту мү-шесі арқылы ести алу қабілеті • Сұрақ қоя білуіскерлігі. Сезім мүшелерінің адам өмірі үшін маңыздылығын балаға ұғындыру.		
<b>Серуен</b>	<b>11:05</b>	Балаларды далаға таза ауаға, күншуаққа шығарып, сергітіп келемін. Картотека №1				
<b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі.</b>	<b>11:10 11:35</b>	<b>3. Дене шынықтыру</b> <b>Ғарышқа саяхат</b> <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындау. <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Өрмелеу, өрмелеп шығу, астымен еңбектеу, еңбектеп өту түрлерін орындайды. «Өрмелегіштер ғаламшары» – бұл ғаламшариктің тұрғын-дары тек төрттағандап еңбектеп жүреді. шынтақ пен тізеге сүйене отырып төрттағандап еңбек-теп заттар арқылы өту. Нұсқау – аяқ пен қолдың жұмысын келістіру, қозғалыс бағытын сақтау. «Сикырлы ғаламшар». Бұл ғаламшар тұрғындары алыптар мен ергежейлілерге айнала алады. Түрлі музыка ырғағымен балалар тиісті қозғалыс тәсілін пайдаланады: қатты музыкаға кең адымдап, қолдарын жоғары көтеріп жүреді, баяу музыкаға қысқа адымдап, қол-дарын белге таянып жүреді. «Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығы ғарышкерлер даярлығынан өткенін еске салады. Зымыранмен ғарышқа	<b>3. Жапсыру</b> <b>Тақырыбы:</b> Домбыра. <b>Мақсаты:</b> Ұлттық ою-өрнек элементтерін кино әдісіне және үйлесімді сәндеуге үйрету; бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> өздеріне ұнаған ойыншықтарды жапсырады; ойыншықтарды ұқыпты, таза ұстау керектігін; өз ойыншықтары туралы әңгімелеуді. <b>Ресурстар:</b> үлестірмелі материалдар, ұнтаспа, қайшы, желім, желім жаққыш, балалардың сүйікті ойыншықтарымен түскен суреттері, түрлі ойыншықтар. <b>Алдын ала жүргізілетін жұмыс:</b> балаларды сүйікті ойыншығымен суретке түсіру, слайдқа енгізу, ойыншықтар көрмесін әзірлеу. Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бала үні, командалық жұмыс, бақылау, саралау. Өткенге шолу: ашық сұрақтар арқылы Ой қозғау Айтылым Ширату Топтастыру Бақылау: жанама, тікелей, жалпылама Бала үні Саралау: өнім арқылы Бала үні	<b>3. Музыка</b> <b>Табиғат тамшылары.</b> <b>ҰОҚ-ның мақсаты:</b> Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипат тау. <b>Күтілетін Нәтиже:</b> Музыканы тыңдау және орындау барысында өз сезімдері мен толғаныстарын сипат тайды. Музыка тыңдау: «Тамшылар» Балалардан әннің не жайында екенін сұрау. Әуен қалай орындалды, қандай екпінде, қандай көңіл күйде? Тамшы қайдан пайда болады? Балалардың пікірін тыңдау. дауыс жаттығулары: «Қосалқа» Күйдің үзіндісін «ля» буынында орындау. Ауызды кеңірек ашып, еркін тыныс алуға үйрету. Дыбыстарды таза, ашық емес, дөңгелете айтуға көңіл бөлу. Ән айту: «Ақ жауын» (муз. М. Күзембаев, сөзі Г. Жотаева). Әнді педагог орындап, балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Жауын жылдың қай мезгілінде көбірек жауады? «Ақ жауын» деп қандай жауынды	<b>3. Дене шынықтыру</b>	<b>3. Дене шынықтыру</b>

		<p>саяхат жасау туралы ұсынылады. Бірден, екіден қатарға тұрып зал ортасымен сап түзеп жүру. Аяқтың ұшымен және өкшемен жүгіруді алмастыра орын-дау. Нұсқау – жүгіру кезінде аяқты ұшымен қою, өкшемен жүргенде аяқты тіктеп ұстау керек. Қозғалысқа сәйкес қол қимылын ауыстыруға назар аударылады – аяқтың ұшымен жүгіру – қолды белге таяну, өкшемен жүгіру – қолды алдыға тік жазу.</p>	<p>Құрылымдалған ойын: «Қар кесегі» Бала үні Рефлексия: жасаған жұмыстары бойынша Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілі</p>	<p>айтамыз? Ән қандай көңіл күйде айтылып отыр? Әннің сөздерін қайталау, анық, таза айтуларын қадағалау</p>		
			Еркін ойындар			
	<p>11:45 12:10</p>	<p><b>Бояулар әлемі. В бөлім.</b></p>	<p><b>4 Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Хоккей ойнап үйренеміз!» (таза ауада) <b>Мақсаты:</b> Балалаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету; шайбаны ілгері бағытта алып жүруге үйрету; жұппен қозғалу, қозғалыс кезінде аяқ-қолдың қимылдарын үйлестіру; жұмсалатын күш-қуатты дұрыс мөлшерлеу, қозғалыстағы тапқырлық, көзмөлшері, спорттық жабдықтарды қолдануда зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруды дамыта түсу. <b>Күтілетін нәтижелер:</b> Жасайды: әртүрлі жүру түрлерін алмастырып жүруді; допты бір-біріне бастан асыра лақтырып беруді; 25 см биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қолын жеткізуді; гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып еңбектеуді.: малдас құрып отырып, бір-біріне допты бастан асыра қалай лақтыру және допты саусақтарын ашқан күйде қалай қағып алуды; биіктікте ілініп тұрған затқа екпінмен жүгіріп келіп секіріп, қалай қолын жеткізуді; гимнастикалық орындық үстінде алақан мен табанына таянып қалай еңбектеу керектігін.: шапшаңдық секілді дене сапасын</p>	<p><b>4.Ойлайық та ойнайық (В. Бөлім)</b></p>	<p><b>4.Ертегілер елі. (В. Бөлім)</b></p>	



			<p>және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білу машықтарын. <b>Ресурстар:</b> жарты топ балаларына диаметрі 15 см доптар, гимнастикалық орындықтар – 4 дана, 25 см биіктікте арқанға ілінген таспалар, арқан тартылған бағандар.</p> <p><b>Әдіс – тәсілдер:</b> түсіндіру, ойын</p> <p>Қажетті құралдар: түрлі –түсті доптар</p> <p>Қимылды ойын: «Кім жылдам ойыны?» топтық жарыс</p> <p><b>Мақсаты:</b> жылдамдыққа, шапшаң қимылдауға ұйымшылдыққа үйрету.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Қайталай алады: қос аяқпен секіруді Түсінеді: Гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруді. Қайталайды: Қос аяқпен секіруді, тепе-теңдікті сақтап жүруді</p>			
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	<b>12-05 12-10</b>	Балалар отбасында өздері не істей алатындары жайлы әңгімелесу	Ата-аналарға балаларды себепсіз сабақтан қалдырмауын ескерту.	Балалардың тазалығына көңіл бөлу.	Балалардың оқу қызметін үйде қадағалау.	Балалардың үйде ойынын қадағалауды ата –аналарға айтамын.

Тексеру күні: 20.12.2021ж

Жоспар тексерілді.

Кенес берілді.

Ұсынылды. 1-----2-----3-----

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Жакиенова А.С.

МДУ-ның тәрбиеленушілердің оқу қызметі кестесі бойынша ҰОҚ-і және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы.

Мектепалды даярлық «б» сынып

Бір апта аралығы 20-24.12.2021ж Желтоқсан айы

Өтпелі тақырып: Табиғат әлемі.

**Мақсаты:**

- Тәрбиеленушілерді табиғаттың адам өміріне маңызын түсіндіру, табиғат аясында өсімдік пен жануарларды күте білуге үйрету.

**Міндеттері:**

- Балаларды айнала қоршаған өмірмен таныстыру, тәсілдерімен қасиетін сезінуге қалыптастыру. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Табиғаттың сұлулығына қызықтыру сезімін ұялату.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 20.12.2021ж	Сейсенбі 21.12.2021ж	Сәрсенбі 22.12.2021ж	Бейсенбі 23.12.2021ж	Жұма 24.12.2021ж
Сабақ кестесі		Сөйлеуді дамыту Сурет салу Дене шынықтыру Бояулар құпиясы (в/бөлім)	Сауат ашу негіздері Қоршаған ортамен таныстыру/құрастыру Жапсыру Дене шынықтыру	Сауат ашу негіздері Жаратылыстану Музыка Ойнайық та ойлайық (в/бөлім)	Орыс тілі Математика негіздері Мүсіндеу Қауіпсіз мінез құлықтары /Дене шынықтыру	Көркем әдебиет Музыка Өзін-өзі тану Ертегілер әлемі (в/бөлім)
Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу.	09:30 09:45	«Сәлеметсіздер ме, ата-аналар, балалар!» Ата-аналармен, балалармен сәлемдесу, баланың жағдайына назар салу, ата-анадан баланың жағдайын сұрау, баланың дене қызуын өлшеу.				
Танертенгілік гимнастика		Жаттығулар кешені. Жан-жақты дамытушы жаттығуларды жалаушалармен орындау <b>Жалпылама бақылау</b>				
Гигиеналық шаралар	09: 45 09: 50	Гигиеналық шараларды реттілігімен орындауын қадағалау. Бетпердені дұрыс қолдану. <b>Жанама бақылау</b>				
